

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Шалабаева Жұлдыз Бердибековна

**БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ
ЖЕТІЛДІРУ**

«7M041 Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба
«7M04105 – Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша

Ғылыми жетекші _____ Мухияева Д.М., PhD.
(қолы)

Жоба қорғауға жіберілді: « _____ » _____ 2023ж.

Басқару институтының директоры _____ Гаипов З.С., с.ғ.д.
(қолы)

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
НЕГІЗГІ БӨЛІМ	10
ҚОРЫТЫНДЫ.....	40
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....	41
ҚОСЫМШАЛАР.....	45

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 заңы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жыл 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы;

«Білім ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы;

«Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік білім беруге, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығы;

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ, кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы;

«Елді мекендерге арналған өңірлік стандарт жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрінің 20.01.2023 №7, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 25.01.2023 №16, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 25.01.2023 №16, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 07.02.2023 №85, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 25.01.2023

№20 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 30.01.2023 №33/НҚ бірлескен бұйрығы.

Белгілеулер мен қысқартулар

АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
БАҚ	- Бұқаралық ақпарат құралдары
БҰҰ	- Біріккен ұлттар ұйымы
ЕО	- Еуро Одақ
ECERS	- Early childhood education and care
ЖАО	- Жергілікті атқарушы орган
ЖОО	- Жоғары оқу орны
КСРО	- Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚР	- Қазақстан Республикасы
ҚР БҒМ	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
НҚА	- Нормативтік – құқықтық актілер
МЖБС	- Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты
МДТО	- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту
МДҰ	- Мектепке дейінгі ұйым
ММ	- Мемлекеттік мекеме
ОАМ	- Оқу-ағарту министрлігі
ҰОС	- Ұлы Отан соғысы
ЭЫДҰ	- Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы
ЮНЕСКО	- UNESCO, United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization

Кіріспе

Білім беру саласына елеулі өзгерістер жаңа мазмұнды білім беру бағдарламалары жаңғырып, орта білім беруді трансформациялау енгізілу жүріп жатырған қазіргі кезеңде ерте жастан дамыту, соның ішінде, мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиелеу мен оқытуды жаңаша сапалық деңгейге көтеру міндеті - бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осындай өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектеп жасына дейінгі білім мазмұнында болашақ ұрпақтың жан-жақты дамыған, жеке тұлға ретінде қалыптасуына, дүниетанымы мен көзқарасын дамытуға, сәбилік шақтан бастап барлық қажетті мүмкіндіктер мен жағдай жасауды, тәрбиелеу мен оқытуға аса жауапты болуды негіздейді.

Жаңа жағдайда білім беру жүйесінен, оның сапалы және өмір бойына үздіксіз болуы талап етіледі. Сондықтан Қазақстанның білім жүйесіндегі қазіргі уақыттағы әдістері мен бағдарламаларын меңгеруді дамыту, оқыту сапасын жақсарту, талапқа сай білім мен мәдениет дағдыларын беру, келешекке дайындау үшін қоғамдық саналарын жаңғырту, рухани – адамгершілік тәрбиесін жалғастыру, функционалдық сауаттылықты, сын тұрғысынан ойлауды және ерте жастан дамытуды жолға қойылуы қажет екені анық. Мемлекеттік деңгейдегі кіші жастан бастап міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру стандартында бірқатар өзгерістер енгізілгені баршамызға белгілі. Жаңа серпін беретін стандарттың негізі: жас топтардағы күн тәртібі, әрбір баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашуға қолайлы жағдайлар жасау, балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау, баланың даралығы мен субъектілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістік ортаны құру болып табылады [1]. Жаңа стандарттың талаптары толық орындалса, мектепке дейінгі кезеңде берілетін білім мен білік, дағдылары жаңа заман талабына, болашақ баратын мектеп бағдарламасына бейімделуге сай болса, мектепке дейінгі мекемеден алған дағдыларын мектепте жаңғырта отырып, жаңа білімге ұмтылуға бала бойында қызығушылықты дамытары анық. Тағы да толғандыратын мәселе - білім беру қызметін үйлестіру кезіндегі заманауи технологиялар мен әдіс-тәсілдерді қолдана алатын, білімді педагог мамандардың үлесі. Бүгінгі күндегі мектепке дейінгі ұйымдардағы кадрлардың жетіспеушілігі мен салықтан жалтару үшін жеке балабақшалардағы штаттың талапқа сай болмауы, стандарттағы міндеттер тиісті деңгейде орындалмайтындығына әкеп соғуда. Әлі күнге дейін кезектілік мәселесі де ата-аналарды толғандыратын бірден бір өзекті тақырып. Бұның барлығы жиналғанда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасының төмендеуіне әсер етеді.

Мемлекет басшысы 2022 жылдың 14 шілдедегі Үкіметтің кеңейтілген отырысында білім саласындағы мәселелердің бірі - мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту айналасында екеніне тоқталды. Жеке меншік балабақшаларда балаларды ұрып-соғу деректері бар. Сонымен қатар, жұмыс істемейтін балабақшаларға қаржы бөлу көбейіп кетті. Мұның бәрі олардың қызметі ашық емес екенін, азаматтық жауапкершілігі жоқтығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, қоғам талабына сай емес. 2011 жылы балабақшалардың лицензия бойынша жұмыс істеу тәртібін тоқтаттық. Мемлекет бұл қадамға амалсыздан барды. Өйткені

мектеп жасына дейінгі балаларды балабақшамен барынша қамтуымыз керек болды. Бұл ретте жеке сектордың әлеуетін пайдалану маңызды еді. Нәтижесінде 2 - 6 жас аралығындағы балалардың 88% - дан астамы балабақшамен қамтылды. Енді қызмет көрсету сапасын арттыратын кез келді. Үкімет осы мәселені мұқият қарастыруы керек. Лицензиялау тәртібін қайта енгізу, ең алдымен, мемлекетке емес, қоғамға қажет шара. Өйткені басты мақсат – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету [2].

Ал, 2021 жылдың 6 желтоқсанында өткен Қазақстан Республикасы БҒМ аппарат жиналысында мемлекеттік бақылау жүргізген мектепке дейінгі ұйымдардың 80% -дан астамы аттестаттаудан өтпегені хабарланды. Тексеру нәтижесінде көптеген бұзушылықтар анықталды. Бұл - балалардың балабақшада болмауы және білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын толық орындамауы және талаптарына сәйкес келмеуі, тәрбиешілердің қол жұмсау фактілері және тағы басқа бұзушылықтар. Жергілікті атқарушы органдар балабақшалардың жұмысын ерекше бақылауға алуы керек екендігі сипатталды [3].

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы» №137 қаулысында ағымдағы жағдай талданған. Талдау жүргізу кезінде «Балаларды ерте дамыту институты» республикалық мемлекеттік мекемесі Қазақстанның барлық өңірлеріндегі балабақшалар арасында сапаны бағалаудың халықаралық ECERS-R шкаласы бойынша зерттеу жүргізген. Зерттеу нәтижесінде 4,1 баллды (7 балдық шкала) көрсетті, бұл - балабақшалардың деңгейі «орташа сапа» деп бағалануын білдіреді. Текшелер, математика, ойын, табиғат/ғылым, музыка/қимыл, өнер, ұсақ моторика және т.б. көрсеткіштер бойынша "Белсенділік түрлері" кіші шкаласы бойынша балдар ең төмен деңгейде екені анықталды [4].

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында әр баланың жеке көзқарасы мен қызығушылығына, эмоционалдық дамуына назар аудару, сонымен қоса, жаңа мемлекеттік тапсырыс орналастыруға байқау жарияланар алдында лицензиялау мен жергілікті атқарушы органдар тарапынан талапқа дұрыс мән берілу, мемлекеттік және мемлекеттік тапсырыс орналастырылған балабақшалар арасында байланыс орнату, кезектілікті азайту, білім беру ұйымдарындағы балалардың қауіпсіздігін арттыру сияқты бірқатар мәселелер орын алып отыр. Жоғарыда келтірілген міндеттерді шешпей, білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мүмкін емес.

Осыған орай, білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды зерттеуге, қоғамдық наразылықтан туындаған негізгі проблемаларын анықтауға және жетілдіру бағыттары магистрлік жоба тақырыбының өзектілігі болып табылады.

Магистрлік жобаның **мақсаты** - Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру тетіктері бойынша ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Ал қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделеді:

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту деңгейінің ерекшеліктерін айқындау;
2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың құқықтық тұрғыдан даму кезеңдерін бөліп көрсету, оларға саралау жасау;
3. Халықаралық мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту деңгейі бойынша тәжірибелерді зерделеу;
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың құқықтық негіздерін жетілдіру туралы ұсынымдарды ғылыми негіздеу;

Магистрлік жобаның **зерттеу объектісі** - Елімізде білім беру саласын дамыту саясаты.

Зерттеу пәні - Елімізде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытуда туындайтын қатынастар.

Зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы келесідей:

- Зерттеу нәтижесі бойынша мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту үшін кезектілікті азайтуға бағытталған НҚА өзгерістер енгізуге ұсыныстар тұжырымдалды және нақтыланды;
- Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту барысында веб порталдағы электронды балабақша сайттарын және мәліметтерді бірегей жүйеге интеграциялау бойынша ұсынысы әзірленді;
- Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиеші көмекшілерінің біліктілігін арттыруда ЖАО -ның қызметі жүйеленді; Өңірдегі ЖАО-дағы әдістемелік кабинет қызметі арқылы тәрбиеші көмекшілеріне арнайы семинар, тренинг және дамыту курстарын жүргізу туралы арнайы Ережелерге өзгеріс енгізуге болатыны зерделенді.
- Қазақстанның барлық өңірлеріндегі балабақшалар арасында сапаны бағалаудың халықаралық ECERS-R шкаласын енгізу бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Практикалық маңыздылығы.

Зерттеу қорытындысы бойынша стратегиялық құжаттардағы мақсатты индикаторларға жету үшін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беруді мемлекеттік қолдау саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар өңірлердегі білім беру саласында және мемлекеттік қызмет көрсету саласын дамыту үшін пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері.

Магистрлік жобаны жазу кезінде зерттеу әдістерінің сандық және сапалық түрлері қолданылды: ақпараттық мақсатты талдау, сауалнама, сұхбат, салыстыру әдісі, статистикалық талдау, БАҚ мониторингі.

Жариялау. Магистрлік жоба тақырыбы бойынша ғылыми конференцияда 3 мақала жарияланды, оның ішінде, республикалық - 2: «Білім беру саясаты: мектепке дейінгі ұйымдардың қазіргі жағдайы», «Бала қауіпсіздігінің кепілі – қауіпсіз орта», халықаралық деңгейде - 1: «Образовательная политика: современное состояние дошкольных организаций» (Нидерланды, Амстердам).

Негізгі бөлім Әдебиетке шолу

Магистрлік жобаның зерттеулерін сапалы жүргізу мақсатында жалпы мектепке дейінгі тәрбие деген ұғымына анықтама беретін, сонымен қоса, білім беру саласын мемлекеттік саясатты жетілдірілуі теориялық тұрғыдан зерттеліп, оның түсініктемелері берілген, мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту тақырыптары қозғалған бірнеше ғылыми еңбектерге шолу жүргізілді.

«Мемлекетті саясат» ұғымы мемлекеттің құрылуымен, ол елдегі қоғамның қалыптасуымен, барлық деңгейдегі қызметімен байланысты өмір сүрудің ерекше аспектісі ретінде қарастырылады. Ал, бүгінде «білім беру саласындағы мемлекеттік саясат» - білім беру сатысындағы мақсат-міндеттердің орындалуы, қағидаттар мен функциялардың сақталуы, саяси үрдіске ықпал ету шарасы болып келеді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңына сәйкес, «мектепке дейінгі ұйым» - мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын, жеке дамыту бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымын білдіретін термин. Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларының үздіксіздігі және сабақтастығы принципі негізінде білім беру деңгейлерінің алғашқы сатысы – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту болып табылады [5].

Көптеген ғалымдар алғашқыда «ерте жастан тәрбиелеу», «балабақша» ұғымдарын пайдаланған. Кейінірек, ғалымдардың зерттеулері негізінде ұсынуымен тек тәрбиелеп, балалық шағында дамытып қана қоймай, мектепке дайындау қажеттігінен туындаған іс-әрекеттерді, бағдарламаларды қосу арқылы тәрбиелеу мен оқытудың сабақтастығы ретінде қарастырған. Қазіргі заңнамалық актілерде «мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту» жалпы білім беретін оқу бағдарламаларында оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауышта білім беруді меңгеру үшін бастапқы жағдайларды жасауды көздейді [5]. Қазіргі уақытта ерте жастан дамытуды қалыптастыру мақсатында елімізде мектепке дейінгі ұйымдардың «Бөбекжай», «Мектепке дейінгі шағын орталық», «Балабақша», «Отбасылық бөбекжай», «Санаторлық бөбекжай», «Арнайы бөбекжай», «Арнайы балабақша» ұғымдары мен түрлері қолданылады [6].

Мектепке дейінгі ұйымдардағы тәрбиенің тарихы алғашқы қоғамдық құрылыстан бастап қалыптасқан. Балаларды өмірге бейімдеу, даярлау мәселелері ерте қолға алынғандықтан ерте заманнан зерттеп қарастырылған.

«Балабақша» терминін қазіргі тұжырымдамалық ақпаратқа 1840 жылы неміс педагогі Фридрих Вильгельм Август Фребель енгізген. (*Friedrich Wilhelm August Fröbel, 1782-1852*) Ол Блэкенбургте өзі құрған «Мектеп жасына дейінгі балалар мен ересектердің ойындары мен іс-әрекеттеріне арналған ойын және іс-әрекет институтын» «Балабақша» деп өзгерткен [7]. Сол уақыттан бері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды институтциозациялау осы терминге сүйеніп келеді.

Феодалдық қоғамдағы мектепке дейінгі тәрбие мен қайта өрлеу дәуіріндегі балабақша мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуына шолу жасалып, мектепке

дейінгі тәрбиенің қажеттілігі жөніндегі идеяларды алғаш тұжырымдаған социал утопистердің бірі - Томас Мор еңбектерінде сипатталған. Барлық балалардың ерте тәрбиеленуі керек деп ұсынған. Ол жеке тұлғаны жан-жақты дамытуда еңбек тәрбиесінің маңызын алғаш ашып, еңбек баршаның міндеті, парызы болуы керек деген ойды білдірген. Бұл идея Қайта өрлеу дәуірінде пайда болып және басқа да гуманист-педагогтардың еңбектерінде айқын көрінеді. Сондай-ақ, Томас Мор педагогика ғылымында тәрбиенің мақсаты жан-жақты, үйлесімді дамыған жеке тұлғаны дайындау болып табылатын көзқарас қалыптастырған [8].

Ал, Томмазо Компанелланың өз еңбегіндегі жазбаларын Солнце қаласы балаларының тәрбиесіне арнаған. Мұндағы тәрбие толығымен қоғамдық сипатқа ие және мемлекеттің барлық азаматтары үшін тең деп көрсетті. Ол, балалардың барлық күштері мен қабілеттерін дамытатындай ұйымдастырылуы керек, ақыл-ой тәрбиесіне үлкен мән беріп, оны дене тәрбиесі мен адамгершілік және эстетикалық тәрбиемен, балаларды еңбекке баулумен, әр түрлі кәсіптерге үйретумен ұштастыру керектігін көрсеткен. Балалар ерте жастан қаланың қабырғаларында геометриялық фигуралар, жануарлар, өсімдіктер, еңбек құралдары және т.б бейнеленген суреттерді зерттей отырып, серуендеу кезінде барлық заттар мен құбылыстар туралы қарапайым білім алатындығына сенімді болған [9].

Қайта өрлеу дәуіріндегі француз педагогикалық ойшылы Франсуа Рабле жаратылыстану ғылымымен айналысып, медицина факультетін аяқтаса да, өзінің романының басым бөлігін тәрбие мен білім беру мәселелеріне арнаған. Рабле жаңа, гуманистік тәрбие берудің бастаушысы, нақты, практикалық пайдалы тәрбиенің, белсенді және көрнекі оқыту әдістерінің қорғаушысы болды. Ол кіші жастағы балаларды адамгершілік, дене және эстетикалық тәрбиемен ұштастыра отырып, оларды ғылыми біліммен және практикалық дағдылармен қаруландыру арқылы қол жеткізуге болатын үйлесімді дамуын талап етті [10].

Х.Морганның ойынша «Мектепке дейінгі білім: тарих, теория және тәжірибе» (*Дошкольное образование: история, теория и практика*) кітабында 6 жасқа дейінгі балаларға арналған алғашқы мектепке дейінгі ұйым 1767 жылы Францияда филантроп және пастор Иоган Фридрих Оберлин (*Johann Friedrich Oberlin, 1740-1826*) ашқан деп жазылған [11].

Мектепке дейінгі ұйымдар және ондағы тәрбие мен білім беру мазмұны көптеген жылдар бойы дамуы барысында әр түрлі идеялардың әсерін жеңе отырып, шетел педагогикасының ойшылдарының аса бағалы пікірлерін пайдалану негізінде жетіліп дамып отырды [12].

Аделаиды Семёновна Симонович – Ресей еліндегі ең алғашқы балабақшалардың ашылуына және тәрбиелеу мен білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне, сондай-ақ, педагогика ғылымының дамуына үлес қосқан педагогтардың бірі. Ол Швейцарияда Фридрих Фребельдің мектепке дейінгі тәрбие жүйесімен танысып, зерттеп, 1866 жылы Петербургке оралып, өзіндік педагогикалық лабораторияға айналған алғашқы балабақша ашқан. Ол балабақшаға 3 - 8 жас аралығына дейінгі балалар қабылданған. Уақыт өте келе,

Симонович мектепке дейінгі білім беру жүйесіне балалармен ойындар мен іс-шаралардың ауқымын айтарлықтай кеңейткен.

А.С.Симонович еңбегінде бала анасының белсенді қатысуымен 3 жасқа дейін отбасында, 3-8 жас аралығында балабақшада тәрбиелену керек деп жазған болатын. Балабақшаны «отбасы мен мектеп арасындағы дәнекер» деп есептей отырып, ол балаларды мектепке дайындауы керек деп есептеген. Оның ойынша, балабақшадағы сабақтар ойын сипатында болуы керектігі сипатталған [13].

А.С.Симоновичтің бірінші балабақшасы ашылу күні – 27 қыркүйек – «Мектепке дейінгі білім беру қызметкерлерінің күні» болды.

Орыс мектепке дейінгі педагогика тарихын құруға елеулі үлес қосқан педагогика ғылымдарының докторы, профессор, орыс мектепке дейінгі педагогикасының алғашқы зерттеушілерінің бірі - И.В. Чувашев. Оның зерттеулері, мәселенің көне дәуірден 1917 жылға дейінгі тарихын қамтиды. Автор 19 ғасырдың екінші жартысындағы және 20 ғасырдың басында Ресейдегі мектепке дейінгі тәрбие ісін талдауға басты назар аударды. Ол өз еңбектерінде сол кездегі мектепке дейінгі педагогиканы ерекше салаға бөлу процесі біртіндеп жүріп жатқанын атап өткен. Орыс мектепке дейінгі педагогикасы 19 ғасырда дамып, ол 20 ғасырдың басында мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік және отбасылық тәрбиесінің теориясы мен тәжірибесін зерттейтін дербес салаға айналды деп есептейді [14].

XX ғасырдың 90-шы жылдарындағы барлық ірі зерттеулер Кеңестік кезеңдегі КСРО-ның әртүрлі аймақтары мен республикаларында мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбиенің қалыптасуы мен дамуына көптеген ғалымдар (Е.Г. Андреева, О. Ишанходжаева, Л.Н. Литвин, И.А. Малашихина, Л.В. Батлина, М.С. Корнеева, М.И. Фахретдинова) қатысқан. Бұл ғалымдардың зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттары, сол кездегі мектепке дейінгі педагогика теориясының пайда болуы мен кадрларды даярлау мәселелері қамтылған.

Нобель сыйлығының лауреаты, профессор, американдық экономист Джеймс Джозеф Хекманның зерттелген еңбектерінде балалар өмірінің алғашқы бес жылында оқу және даму әлеуеті аса жоғары екенін және оларға салынған инвестицияны барынша ақтайтынын көрсетті. Балалардың ерте дамуына салынған инвестициялардың қайтарымы 13 %-ды құрайды. Баланың ерте дамуына жұмсалған ресурстардың оның болашақ мансабының табысты болуына әсері кәсіптік білім беруге жұмсалған ресурстардан 3 есе жоғары деп көрсеткен [15].

Осылайша, шетелдік ғалымдардың еңбектері мен зерттеулеріндегі талдаулар арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуге әкеледі.

Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбиенің алғашқы қалыптасуы мен түрі бойынша балалар орталықтарының, ұйымдарының ашылуы мен даму кезеңдері, ерекшеліктері, тәрбие беру үрдісі, желілердің санының артуы, педагогикалық және ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру мен атқарушылық мәселелері, кіші жастағы балаларды дамыту, тәрбиелеу атақты педагогтердің

зерттеушілердің, осы сала мамандарының еңбектеріндегі тәрбие мәселелері және зерттеу әдістерінде ұсынылды.

Қазақстандық мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесіне 2023 жылы 106 жыл болады. ҚР-дағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту 1917 жылы Верный қаласы (Алматы) бастау алып, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің алғашқы үлгісі деп есептеуге болатын, жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінің қолдауымен жеке білім беру қоғамының бастамасымен қаланған. Сол жылы қалада алғашқы 300 орындық балалар ойын алаңы ашылып, 1920 жылдан бері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ауыл халқын қамти бастаған. 1921 жылдың 1 маусымында елімізде 115 балабақша болса, 1940 жылы барлық облыстарда мектепке дейінгі жастағы 21 мыңнан аса баланы қамтитын 517 мектепке дейінгі ұйымдар құрылған. ҰОС жылдарында да, мектепке дейінгі ұйымдардың өсуі тоқтамаған. 1940-1945 жылдары 188 бірлікке артқан. Тың игеру кезіндегі жұмысшы көші-қонына орай, 1950 жылдары типтік балабақшалар құрылысы қарқынды дамыған. Ал, 1960-1970 жылдарда мектепке дейінгі ұйымдар желісі 3 есе артқан. Сол кезеңнен бері өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басына дейін Қазақстанда балабақшалар желісі тұрақты түрде өскен [16].

Елімізде МДТО-дың пайда болуы мен дамуының идеологі, белсенді ұйымдастырушысы, алғашқы әйел журналист - Кулжанова Назипа Сегизбайқызы (1887-1934). Ол қазақ даласындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі міндеттерін ашатын «Мектептен бұрынғы тәрбие» (*Дошкольное воспитание*) кітабында мектепке дейінгі білімнің маңыздылығын атап өткен. «Кейде адамға өмір бойы балабақша тәрбиелейтін қасиеттер жетіспеуі мүмкін. Балабақшада алынған білім мектептегі білімге қарағанда әлдеқайда маңызды екені сөзсіз» пікір қалдырған. Сонымен қатар, Н. Құлжанованың «баланың шынайы тіршілігі ойын» деп атап өткенін ескерсек, мектепке дейінгі ұйымдағы баланың қоршаған ортасының дамытушы әрекетке лайықты жасақталуы және оның қолжетімді болуы қаншалықты маңызды екенін дәлелдеген [17].

Қазақ халқының оқу-ағарту ісінде үлес қосқан, этнопедагогиканың негізін қалаушы, «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев, өз еңбегінде баласы адам болсын дейтін әр ата-ана «ақыл тәрбиесін», «құлық тәрбиесін», «сұлулық тәрбиесін», «дене тәрбиесін» дұрыс орындап, мән беру керектігін мақсат етіп қойған. Әрбір тәрбиеші - ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті деп есептеген. Сонда ғана мектепке дайындық жүйелі болады деп санаған [18].

Көрнекті қайраткер Ж.Аймауытов педагогика-психология ғылымдарына зерттеулер жасаған және 2018 жылы жарық көрген «Абай» журналында «Тәрбие» деген мақаласын шығарып, өз еңбектерінің жиынтығы баяндалған. Ағартушы өз туындыларында тәрбиешінің балаға әсер етумен бірге ерте жастан баланың дамуында отбасының да орны ерекше екенін дәлелдеп берген. Отбасында дұрыс тәрбиеленбеген баланы қайта тәрбиелеу қиындық туғызады деп санаған. Бала тәрбиесі туралы ой-пікірлерін жеткізетін көптеген еңбектері жарық көрген [19].

Педагогика ғылымдарының кандидаты Ф.Н. Жұмабекова - Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын зерттеген ғалымдардың бірі. Ол өз еңбектерінде мектепке дейінгі жастағы балаларда қарапайым түсініктерді қалыптастыру маңызды деп есептеген. Сонымен қоса, мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында мамандар даярлаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін де ұсынған [20].

Білім саласында балалардың ойын арқылы дамуы, жүйке жүйесінің жетілуі, күйзеліске түспей, қорқыныштан арылуы, эмоциясын басқара алуының қалыптасуы - ерте жастан дұрыс тәрбиелеудің нәтижесі. МДҰ-дарда әлеуметтік орта қоғамдастығының берік құрылуы, әрбір жеке тұлғаға оқыту, тәрбиелеу, дамытудағы сабақтастықтан байланыс орнауы, сыртқы ортадан қорғалуы өмірге бейімделуде ерекше көрініс табатынын МДТО бойынша әлемге танымал спикер, ата-аналар мен тәрбиешілерге арналған ерте жастан бала тәрбиесі мен дамуына бағытталған 22 кітап авторы, Рэй Пика өзінің «Бәрі бала дамуын түсінсе ше?» (*What if Everybody understood child development?*)-[21]-кітабында дәлелдеп көрсете отырып, радио бағдарламалар, тікелей эфирлерден, кездесулерде консультация жүргізіп отырған. Сондай-ақ, Рэй Пиканың «Балаларды қалай үйренетінін үйретсек ше?» (*What if we taught the way children learn?*), «Ерте жастағы білім революциясын жандандыру: өзің үшін сөйлеу» және балалар» (*Spark a Revolution in early education*) атты еңбектері де МДТО мәселелері заманауи жалпыға бірдей бала тәрбиесінің көмекші құралы ретінде қазірдің өзінде жақсы танымал және әлі күнге дейін халықаралық деңгейде онлайн ұсыныстармен бөлісуде.

МДТО кезеңіндегі қауіпсіз балалық шақ кеңістігі ұғымы және оның мектеп жасына дейінгі баланың жеке басын, оның физикалық және психикалық денсаулығын, қоршаған әлеммен үйлесімді өзара әрекеттесуін дамыту қажеттілігі қарастырылады. Адам үшін қоршаған орта – оның тіршілік ету аймағы. Бұл факторлардың жиынтығы: табиғи, әлеуметтік, саяси, мәдени және тұрмыстық. Адам биологиялық организм ретінде температураның, жарықтың өзгеруіне сезімтал, экологиялық ластанудан зардап шегеді. Әлеуметтік болмыс ретінде біз оны қоршаған адамдарға тәуелдіміз. Жеке даму қоғамда жүреді. Баланың дамуына қоршаған ортаның әсері әртүрлі функцияларды орындайтын жақын (үй) және алыс қоғамның объективі арқылы қарастырылады. Отбасы материалдық жағдайларды, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, адамгершілік көзқарастарды қалыптастырады, балалардың мүдделерін анықтайды. Қоғамда адам өзара әрекеттесуді үйренеді, мінез-құлық ережелерін қабылдайды, өзін басқалармен салыстырады.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру жүйесінің өзі де өзгерді. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерін түрлері мен санаттары бойынша саралау енгізілді. Бұрын қолданыста болған жалғыз түрге – «балабақшаға» басқа да – оқушылардың зияткерлік немесе көркемдік, эстетикалық немесе физикалық дамуын басымдықпен жүзеге асыратын балабақша, физикалық және психикалық дамуында, күтімінде және оңалтуында мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған балабақша, балаларды дамыту орталығы және т.б. қосылды.

Әдебиетке шолу бойынша қорытындылар:

Балабақшаның басты артықшылығы - балалар қоғамдастығының болуы, соның арқасында баланың әлеуметтік тәжірибесі үшін кеңістік жасалады. Балалар қоғамдастығы жағдайында ғана бала өзін басқалармен салыстырғанда таниды, әртүрлі жағдайларға адекватты қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу тәсілдерін меңгереді, өзіне тән эгоцентризмді (өзіне бағдарлау, қоршаған ортаны тек өз позициясынан қабылдау) жеңетін орта болуында.

Балалардың даму мен тәрбиесіне ерте жастан мән беріп, бағыттау баланың дамуындағы маңызды сапалық өзгеріс болып табылады, онсыз оқу және әлеуметтік байланыстар жолында одан әрі проблемасыз алға жылжу мүмкін еместігімен айқындалады.

Мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балаларда жиі байқалатын «педагогикалық немқұрайлылықтың» алдын алу шарасы ретінде әрекет етуі маңыздылығымен сипатталады.

Мектепке дейінгі жаста тәрбиелеу мен оқыту - балалардың дене және психикалық функцияларын қалыптастырып, бастапқы рухани құндылықтар, баланың интеллектісі, оның шығармашылық қабілеті, қызығушылықтарының қалыптастыратын үдеріс.

Зерттеу әдістері

Алынған ақпараттар мен деректердің дәлдігіне қол жеткізу үшін, сондай-ақ, ұсыныстарды егжей-тегжейлі зерттеу мен магистрлік жоба тақырыбына сәйкестігін анықтау мақсатында сандық және сапалық әдістер қолданылды.

Бастапқы теориялық талдау және әдебиетке шолу әдістерін қолдану арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы мемлекеттік саясатты жетілдірудің негізгі трендтері анықталды, магистрлік жоба тақырыбы бойынша бағдарламалық құжаттар мен ғылыми жұмыстар талданды. Сонымен қатар, әдебиетке шолу мен талдау магистрлік жұмыстың құрылымдық бөлігі болып келеді.

Бұқаралық сауалнама. Республика тұрғындары арасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қазіргі жай күйін, ата-аналардың мектепке дейінгі ұйымдарға көзқарасын және осы саладағы мәселелер мен көп кездесетін кемшіліктерді, сұрақтарды анықтау мақсатында «Google forms» арқылы өңірлердегі ата-аналар арасында бұқаралық онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнама 14 сұрақтан тұрды. (Қосымша 1) Сауалнамаға жалпы өңірлерден 3 050 респондент (ата-ана) қатысып, барлық сұраққа жауап берген. Оның ішінде: сауалнамаға қатысқан 55% респонденттің балалары балабақшаға барады, 44% мемлекеттік балабақшаға барса, 13,1% жеке меншік балабақшаға барады, 6,3% балабақшаға орын алу үшін таныстарын қосқан, 25,5% респондент балабақша төлем ақысы жоғары деп санайды, 17,4% жауап берген ата- ана топтағы балалар саны 25-35 тен аралығында топтағы бала саны көп деп көрсеткен, 73% қазақ тілді білім беретін балабақшаны таңдаған, 46,7% балабақшадағы тамақандырудың нашарлығы, 13,7% топтардың толып кетуі қанағаттандырмайды, 6,6% ата-анаға мемлекеттік балабақшадан ақшаға орын ұсынған және 11,1% респондент балабақшаны қауіпсіз орта деп санамайды.

6. Мемлекеттік балабақшаға тез орын ала алдыңыз ба? / Быстро ли удалось получить место в государственный детский сад?


3 050 ответов



1-сурет – Балабақшаға кезектілік күту мен жолдама алу нәтижесі (%)
Ескерту – сауалнама негізінде автормен құрастырылды

7. Балабақшалардың төлем ақысы сізді қанағаттандырады ма? / Устраивает ли Вас стоимость оплаты в детских садах?

3 050 ответов




2-сурет – Балабақшалардың төлем ақысы 47,4% ата-ананы қанағаттандырады

Ескерту – сауалнама негізінде автормен құрастырылды

Қазіргі таңда жеке балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс орнатылу жүйесі енгізілгеннен соң тек қана, өңірлердің 1 күндік тамақтану құнына есептеліп бекітілген бағамен төленетін деңгейге жеткізіп, реттеліп отыр (2-суретке сәйкес).

10. Балабақшаларда сізді не қанағаттандырмайды? / Что Вас не устраивает в детских садах?


3 050 ответов



3-сурет – Балабақшаларда тамақтандырудың нашарлығы, топтардың толып кетуі, мектепке дайындықтың дұрыс жүргізілмеуі, тұрғылықты мекенжайдан қашық болуы, кадрлар біліктілігі мәселесі орын алатыны анықталды.

Ескерту – сауалнама негізінде автормен құрастырылды

12. Мемлекеттік және жеке балабақшалар арасында білім сапасының айырмашылығы бар деп ойлайсыз ба? / Как Вы считаете, есть ли ...осударственными и частными детскими садами?
3 050 ответов




- Иә, жеке балабақшалар жақсы жабдықталған, балалар саны мемлекеттік балабақшаларға қарағанда...
- Жоқ, айырмашылық жоқ, менің балам баратын мемлекеттік балабақшада бәрі жақсы / Нет, разницы нет, меня...
- Иә, өйткені төлем жеке балабақшаларға қарағанда әлдеқайда төмен / Да, так как оплата гораздо н...
- Басқа / Другое:

4-сурет – Мемлекеттік балабақша мен мемлекеттік тапсырыс орналастырылған балабақшалар арасындағы айырмашылық (%)

Ескерту – сауалнама негізінде автормен құрастырылды

Жеке кәсіпкерлердің көмегімен елімізде жобалық қуаттылығы мен типтік негіздегі жеке балабақшалар саны көбеюде. Материалдық-техникалық базалары да санитарлық норма талаптарына сай (4-суретке сәйкес).

13. Сіздің тәжірибеңізде мемлекеттік балабақшада орын алуда сыбайлас жемқорлық жағдайы кездесті ме? / Имеются ли на Вашем о...чении места в государственном детском саду?
3 050 ответов




- Ия, менің барлық достарым бұл мәселені сыйақы беру арқылы шешті / Да, все мои знакомые решали этот...
- Жоқ, менің тәжірибемде мұндай жағдайлар болған жоқ / Нет, на мое...
- Ия, маған мемлекеттік балабақшада ақшаға орын ұсынылды, бірақ мемл...
- Мемлекеттік балабақшадан орын сатып алу қажет болған кезде бұл қ...
- Басқа / Другое:

5-сурет – 10% ата-ана сыбайлас жемқорлық әлі де орын алып отыр деп есептейді.

Ескерту – сауалнама негізінде автормен құрастырылды

Балабақшаға жолдама берілу толықтай автоматтандыру арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шаралары жолға қойылып келе жатырғаны байқалады (5-суретке сәйкес).

14. Қазіргі таңда балабақша сіздің балаңыз үшін қауіпсіз орта дегенге келісесіз бе? /
Согласны ли Вы с тем, что детский сад является безопасной средой для вашего ребенка?
3 050 ответов



6-сурет –11% ата-ана балабақша қауіпсіздігіне алаңдайтыны анықталды
Ескерту – сауалнама негізінде автормен құрастырылды

Мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыстарының сапасын сырттай бағалаудың маңызды факторларының бірі мемлекеттік балабақшалар мен (жеке) мемлекеттік тапсырыс орналастырылған балабақшаларға балалары баратын ата-аналардың пікірі болып табылады. Сауалнама арқылы толықтай талдау жасалды.

БАҚ мониторинг нәтижесі. Мектепке дейінгі ұйымдар және білім беру сапасы, жұмыс жасайтын педагогтер, МДТО байланысты соңғы ақпараттар мен жаңалықтар, өзгерістер мен жүргізіліп жатырған жұмыстар бойынша Қазақстан Республикасының аналитикалық интернет порталдарында соңғы бір жылда (2021 жыл, желтоқсан - 2023 жыл, қаңтар) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту туралы жарияланған мақалаларға зерделеу жүргізілді. Өзекті мәселелер, талқылаулар, қаралым саны, ата-аналар мен қоғамдық пікірлер басты назарда болды.

Зерделеу барысында қазақ тілдеріндегі ABAI.KZ, Qamshy.kz, Qazaquni.kz, Zhasalash.kz, Ult.kz, Jasqazaq.kz порталында және орыс тілдеріндегі Vlast.kz, 365info.kz, Baigenews.kz, Time.kz, Forbes.kz порталында шыққан барлық мақалалар зерделенді. БАҚ мониторингі толық нұсқа (Кесте 1), (Қосымша 3).

Кесте 1 – Бұқаралық ақпарат құралдары мониторингі (санмен)

№	Порталдың атауы	Жарияланған мақалалар саны	Қаралым саны	Ең көп жинаған қаралым саны	Ең аз жинаған қаралым саны
1	2	3	4	5	6
Қазақ тілді порталдар					
1	ABAI.KZ	2	3 702	2 153	1 549
2	Qamshy.kz	6	8 566	2 764	314
3	Qazaquni.kz	1	484	484	484

1-кесте жалғасы

1	2	3	4	5	6
4	Zhasalash.kz	7	11 457	2 808	810
5	Ult.kz	53	34 439	2 089	133
6	Jasqazaq.kz	23	3 137	1 597	5
7	BAQ.kz	8	24 972	13 899	292
Барлығы		100	89 894		
Орыс тілді порталдар					
1	Vlast.kz	10	20 960	3 605	1158
2	365info.kz	17	8 004	6853	115
3	Baigenews.kz	31	149 606	2 1 707	930
4	Time.kz	7	8 358	2 158	789
5	Forbes.kz	3	4 796	2 105	1 258
Барлығы		68	191 724		
Ескертпе – автормен [29],[44] дереккөздер негізінде құрастырылды					

Жоғарыдағы кестеге сәйкес, интернет порталдардың орыс тіліндегі мақалаларда қаралым саны жоғары. Елімізде көп сынға түсетін мәселелердің бірі – мектепке дейінгі мекемелердегі балаларды ұрып – соғуы, жарақат алуы, яғни қауіпсіздігі екені анықталды. Талданған мақаланың 70% бейне бақылаулар арқылы ата-аналарға мәлім болған барлық ұрып- соғу фактілері жарияланған. Сонымен қатар, балалардың тамақтану нормасы (меню), бейне бақылау жүйелерінің талапқа сай келмеуі, сыбайлыс жемқорлық фактілері жиі жарияланғаны анықталды. Соңғы жылдың өзінде өңірлердегі балабақшаларда балалардың дене жарақатымен оралуы, қараусыз қалуы, балалардың балабақшадан қашып кетуі, балабақшадағы бала өлімі, ас мәзірінің талапқа сай келмеуі, жаппай тамақтан улану, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшілері (няня) тарапынан жасалып жатырған қателіктер қоғамда үлкен талқылауға түскен. Аталған жайттар білім беру саласындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын айтарлықтай төмендетеді. Бұл олқылықтарды жою үшін жүйеленген шаралар қажет. Республикалық мәндегі қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардың, облыстық мәндегі қалалардың білім бөлімдері жанындағы әдістемелік кабинеттер функциялары арқылы тәрбиеші көмекшілеріне де оқытулар ұйымдастыру, балалар күтіміне, жұмыстарын дұрыс жүргізуіне байланысты нұсқаулықтар әзірлеп, таныстыру немесе қысқа мерзімді курстардан өткізу қажеттілігі туындап отыр.

Депутаттық сауалдарға талдау. Білім саласындағы МДТО күн тәртібінен түспейтін, кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болғандықтан Қазақстан Республикасы Парламент депутаттарының VII сайланым бойынша депутаттық сауалдарына талдау жасалды. Орталық мемлекеттік органдарға барлығы 784

сауал жолданып, 936 жауап алынған. Оның ішінде білім саласына қатысты 102 сауал жолданған болса, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағыты депутаттардың да назарынан тыс қалмаған, «Мемлекеттік тапсырыс орналастырылған жеке меншік балабақшалардың қаражатын қайтару», «Түркістан облысындағы жеке меншік балабақшалардың жәй-күйі», «Білім беру ұйымдарындағы балалардың қауіпсіздігі», «Білім беру ұйымдарындағы күрделі жөндеудің оқу жылына аяқталмауы», «Балалардың шетінеуі мен мүгедектігі», «2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың балабақшамен қамтылуы», «Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің жалақысы», «Кіші жастағы өзге тілдерді оқыту мәселесі» сұрақтары қойылып, өзекті мәселелер бойынша жауаптары уақытылы алынған. Дегенмен, депутаттар тарапынан зерттелген, Қазақстанда қолдануға болатын шетелдік тәжірибе, кадрлардың біліктілік талаптары, мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларды ұрып-соғу, білім сапасы сауалдары қойылмаған. VIII сайланым депутаттары бұл мәселелерге сауалдар жолдап, нақты шараларға назар аударатыны күтілуде [22].

Мемлекеттік қызмет көрсету түрлеріне талдау. «Мемлекеттік қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі ҚР Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес, «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы бекітіліп [23], мектепке дейінгі ұйымдарға қатысты 2 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі:

- 1) «Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (6 жасқа дейін) кезекке қою» мемлекеттік қызметін көрсету;
- 2) «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету ;

Аталған мемлекеттік қызметтер түрін қағаз және электронды түрде көрсету мүмкіндіктері бар. Қалыптастырылған кезектілік бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға жолдама беру тәртібін республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармалары, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері жүргізеді. Жолдама беру тәртібі республиканың барлық өңірінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында толықтай автоматтандырылған. EGOV - «электрондық үкіметтің» веб-порталына интеграция жасалған электронды балабақша сайттары арқылы жүргізеді.

Электронды балабақшалар бойынша барлық сайттарға талдау жасалды. 9 облыс: Абай, Атырау, Павлодар, Қарағанды, Маңғыстау, Ұлытау, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстары мен 2 республикалық мәндегі: Астана, Шымкент қалалары – 55% бірдей Indigo электронды балабақша сайтын қолдануы ақпараттардың жүйелілігін көрсетті [24]. Ал, қалған облыстарда әрқайсысында әртүрлі электронды балабақша сайттары қолданылған. Облыс орталығы боп саналатын қалалар мен аудандардың да айырмашылықтары анықталды. Электронды балабақшалар туралы мәлімет (Кесте 2).

Кесте 2 – Электронды балабақша сайттары бойынша мәлімет

Өңір	Жолдама алатын сайт	Өңір	Жолдама алатын сайт
Астана қ.	Indigo электронды балабақша сайты	Алматы қ.	balabaqsha.bilimalmaty.kz
Шымкент қ.		Алматы	balabaqsha.open.almaty.kz
БҚО		Ақтөбе	eaktobe.kz, balabaqsha.akt.kz
Абай		Ақмола	akmola.kz
Атырау		Жамбыл	edugarden.kz
Павлодар		Жетісу	EGOV-«электрондық үкіметтің» веб-порталы
Қарағанды		Қызылорда	EGOV-«электрондық үкіметтің» веб-порталы
Маңғыстау		Түркістан	balabaqsha.snation.kz
Ұлытау		ШҚО	garden.oouk.vko.gov.kz
СҚО			
Қостанай			
Ескертпе – кесте автормен интернет желісіндегі порталдарды талдау негізінде құрастырылды			

Indigo электронды балабақша сайтында «Мектепке дейінгі ұйымға қалай қабылдайды?», «Кезекке тұру», «Жолдама алу» айдарлары, көрсетілетін қызметтердің тізімі: МДҰ тізімі, МДҰ картасы, Бос орындар, Өтініштер кезегі, Кезекке қою туралы өтініш беру, Балабақшаға қабылдау туралы жолдама алу, Кезектегі нөмірді тексеру, Электрондық шарттар, Қатысым табельдері, Электрондық төлемдер, Соңғы айда түскен өтініштер, Соңғы айда берілген жолдамалар бөлімдері ашық және қолжетімді [24].

Ал, balabaqsha.akt.kz электронды балабақша сайтында бос орындар тізімі ғана қолжетімді, басқа ақпараттарды электронды цифрлы қолтаңба арқылы көруге болады. balabaqsha.bilimalmaty.kz, edugarden.kz электронды балабақшалар сайтында ата-ана немесе осы сайтпен жұмыс жасайтын қызметкер QR сканерлеу арқылы ғана қол жеткізеді. akmola.kz электронды балабақша сайтында 3 бөлім бар: нұсқаулық, МДҰ кезекке қою және жолдама беру, мектепке қабылдау және құжат қабылдау. Электронды балабақшалар сайттарын талдауларда көрсетілгендей, ата-аналардың қолжетімділігін арттыру мақсатында веб-порталдар жұмысын жүйелеу немесе қалған 8 облыс: Алматы, Ақтөбе, Ақмола, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Жетісу облыстары мен 1 республикалық маңызы бар қала: Алматыны бірыңғай Indigo электронды балабақша сайтына интеграциялау туындап тұрғаны анықталды.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығының 10 тармағында мектептен мектепке ауыстыру қарастырылған [25]- ал, мектепке дейінгі ұйымдарда баланы МДҰ

ауыстыру қызметі қарастырылмаған. Бір елді-мекен ішіндегі ауыстырулар қажет те емес шығар, бірақ ата-аналары қызмет бабымен немесе оқумен, ротациялану арқылы ауысқан жағдайда және тағы да басқа себептермен басқа өңірге барған жағдайда мектепке дейінгі ұйымдардан келесі мектепке дейінгі ұйымға ауыстыру қажеттілігі өте жоғары. Сол себепті, автоматтандырылған электронды балабақша сайттарын интеграциялау арқылы кезектілікті жоғалтпас үшін:

-мемлекеттік қызмет көрсету түріне мектепке дейінгі ұйымдарға барып жүрген балаларды ата-аналары басқа елді-мекенге ауысқан жағдайда «ауыстыру» қызметін қосу;

-кезектіліктен шығып, басқа өңірге барып, мектепке дейінгі ұйымға бару үшін қайта кезекке тұру процедурасын оңтайландыру мақсатында тұрғылықты елді-мекенді ауыстыру арқылы кезектілікті сақтап қалу жүйесін қосу;

Сараптамалық сұхбат. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары Сулейменова Гулназ Төралықызымен, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры Адамова Манара Елекенқызымен, «ОУНА балалық шақ институты» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, халықаралық сарапшы, «Реджио» жобасының тренері Тайбасарова Алтынгүл Болатқызымен, Мемлекеттік тапсырыс бойынша мектепке дейінгі ұйым жұмысымен айналысатын, 6 балабақша желісін ашқан кәсіпкер - Құлдан Шамшырақ Сисенбіқызымен, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Атырау облысы бойынша Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының орынбасары Таишев Бердібек Еркінбекұлымен сараптамалық сұхбат алынып, талқылау жүргізіліп, ұсыныстар мен пікірлер алмастық (Қосымша 2).

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары Сулейменова Гулназ Төралықызының сұхбатында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту баса назар аударатын «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы қабылданып, 4 нысаналы индикатор, 10 көрсеткіш белгілегеніне тоқталды. Сондай-ақ, 2021 жылдың II жарты жылдығынан бастап, мемлекеттік бақылау (білім беру ұйымдарын аттестациялау) басталып, 80% -дан аса мектепке дейінгі ұйым аттестациялаудан өтпегеніне тоқталды. (7-суретке сәйкес)

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын жетілдіру мен дамыту мақсатында ҚР Оқу-ағарту министрлігінен 2022 жылдың қазан айында «Мектепке дейінгі білім департаменті» ММ-сі құрылғандығы баяндалды.

Білім беру ұйымдарындағы мемлекеттік аттестация қорытындысы



7-сурет – МДҰ мемлекеттік аттестациядан өту қорытындысы

Ескерту – автормен [3] дереккөз негізінде құрастырылды

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры Адамова Манара Елекенқызымен сұхбат барысында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың моделін іске асыру шеңберінде Астана қаласы және 5 облыста: Алматы, Ақтөбе, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында пилоттық жоба енгізіліп, мекеме тарапынан әдістемелік сүйемелдеу жүргізіп, нәтижелеріне бақылау-зерттеу, талдау жасалатындығына тоқталып өтті.

Республика бойынша шығармашылық топпен «Білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың ғылыми негіздері» ғылыми – техникалық зерттеу бағдарламаларын іске асыру шеңберінде ECERS халықаралық шкаласы бойынша мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау бойынша мониторинг жүргізілгендігін атап өтті. Мониторинг нәтижелері мен қорытындыларына сәйкес мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың ұлттық бірыңғай критерийлері әзірленетінін баяндады.

Тайбасарова Алтынтул Болатқызы - «OYNA балалық шақ институты» қоғамдық бірлестігінің құрылтайшысы, халықаралық сарапшы, «Реджио» жобасының тренері, ECERS-3 мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау шкаласының талаптарымен сай жабдықталған, 2019 жылы Астана қаласында 3 тілде оқытып, тәрбиелейтін, жалпы қуаттылығы 360 орынға жоспарланған «Abadan» балабақшасының құрылысы басталғаннан меңгерушісі қызметін атқарған. Қазіргі таңда балаларды ерте жастан дамыту бағытында көптеген зерттеулер жүргізіп, ата-аналар мен тәрбиешілерге арналған «Balam app» қосымшасын ойлап тауып, ерте балалық шақтың маңыздылығы туралы хабардар ету және тәрбиешілер мен ата-аналарға қолдау көрсету мақсатында «Oyna_institute» ашып, тағы да бір ECERS-3 мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау шкаласының талаптарымен сай жабдықталған «Oyu.children» дамыту орталығын іске қосу арқылы МДТО бағытында жұмыстанып келеді.

Статистикалық талдау. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 желдедегі №319 бұйрықпен бекітілген «Білім туралы» заңының 12-бабында


айқындалған білім беру деңгейлерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту магистірлік жоба объектісі болғандықтан, Республиканың мектепке дейінгі ұйымдар желісіне талдау жасалды. Статистикалық мәліметтерді талдау үшін Ұлттық білім беру деректер қорының (НОБД) аналитика бөлімінен және ҚР Ұлттық статистика бюросынан ақпараттар алынып, еліміздегі желілер саны, түрі, балалар контингентіне, педагогтерге, меңгерушілерге толық талдау жасалынды.

Республика бойынша білім беру желісінде 11 036 МДҰ болса (2022 жыл), ондағы қамтылған бала саны - 944 192-ті құрайды, оның ішінде: 7615-і балабақша, 3 421-і шағын орталық. Ал, мемлекеттік МДҰ саны – 5 845, Жеке МДҰ саны - 5191. Республика бойынша қамтылу 1 - 6 жас – 89% , 3-6 жас - 98,9% құрайды (Кесте 3).

Кесте 3 – МДҰ түрі, саны, қамтылған бала

№	МДҰ түрі	МДҰ саны	МДҰ қамтылған бала
1	Балабақша	3 194	285 546
2	Мектепке дейінгі шағын орталық	3 421	93 101
3	Санаторлық бөбекжай – балабақша	58	4 553
4	Отбасылық бөбекжай – балабақша	1	68
5	Арнайы балабақша	38	3 341
6	Арнайы бөбекжай – балабақша	12	1 184
7	Бөбекжай – балабақша	4 312	556 399
Ескертпе – автормен [26] дереккөз негізінде құрастырылды			

МДҰ желісі жыл сайын артып келеді. ЖАО-дар «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік білім беруге, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығы [27] - негізінде кәсіпкерлердің әлеуетін пайдалана отырып, жеке балабақшаларға мемлекеттік тапсырыс орналастыру арқылы кезектілік мәселесін шешуге жұмыстанып келеді. ҚР бойынша 2019 жылы – 10 583 МДҰ болса, 2020 жылы -10 650, 2021 жылы – 10 871, ал 2022 жылы – 11 036 бірлікке жеткен (8-суретке сәйкес), (Кесте 4).



8-сурет – МДҰ желісі салыстырмалы көрсеткіші
Ескертпе – автормен [26] дереккөз негізінде құрастырылды

Кесте 4 – МДҰ желісінің соңғы 4 жылдағы салыстырмалы көрсеткіші

Өңір	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	2	3	4	5
Қазақстан Республикасы	10 583	10 650	10 871	11036
Абай облысы				
Ақмола облысы	609	601	599	607
Ақтөбе облысы	533	546	559	559
Алматы облысы	1 163	1 201	1 392	1410
Атырау облысы	330	331	319	319
Батыс Қазақстан облысы	510	515	521	523
Жамбыл облысы	540	547	553	558
Жетісу облысы				
Қарағанды облысы	536	533	519	521
Қостанай облысы	593	579	566	566
Қызылорда облысы	666	665	668	677
Маңғыстау облысы	302	311	331	344
Павлодар облысы	394	376	380	381
Солтүстік Қазақстан облысы	490	483	473	473
Түркістан облысы	1 388	1 413	1 422	1404
Ұлытау облысы				
Шығыс Қазақстан облысы	786	792	787	768
Астана қаласы	381	408	377	432
Алматы қаласы	869	825	860	908
Шымкент қаласы	493	524	545	586
Ескертпе – автормен [26] дереккөз негізінде құрастырылды				

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары 1991 жылы балабақшалар желісі – 8 881 бірлікті құраған. Еліміздегі экономикалық ахуалдың баяу даму салдарынан МДҰ-дар 8 есе қысқарған. 2000 жылы МДҰ саны республика көлемінде – 1 089 ғана болған. Бұл әлеуметтік инфрақұрылым

салдарының төмендеуінен туындады. 2010 жылы аз шығынды талап ететін, толық емес күн тәртібінде жұмыс жасайтын шағын орталықтар моделін ұйымдастыру арқылы МДҰ желісі көбіне бастағанын зерттеу-талдау ақпараттарында сипатталған (Кесте 5).

Кесте 5 – МДҰ желісінің дамуы бойынша салыстырмалы көрсеткіші (санмен)

Өңірлер	2000	2005	2010	2015	2020	2022
Барлық МДҰ						
1	2	3	4	5	6	7
ҚР	1 089	1 179	4 781	8 834	10 650	11 036
Абай облысы						
Ақмола облысы	52	57	321	551	601	607
Ақтөбе облысы	57	68	219	530	546	559
Алматы облысы	47	42	102	769	1 201	1 410
Атырау облысы	83	91	112	296	331	319
БҚО	47	67	425	468	515	523
Жамбыл облысы	39	50	275	418	547	558
Жетісу облысы						
Қарағанды облысы	126	139	444	507	533	521
Қостанай облысы	64	60	597	620	579	566
Қызылорда облысы	61	73	217	648	665	677
Маңғыстау облысы	30	34	73	215	311	344
Павлодар облысы	73	73	364	432	376	381
СҚО	27	40	535	558	483	473
Түркістан облысы	50	56	195	1 168	1 413	1 404
Ұлытау облысы						
ШҚО	73	80	492	778	792	768
Астана қаласы	43	44	94	188	408	432
Алматы қаласы	166	154	178	401	825	908
Шымкент қаласы	51	51	138	287	524	586
Ескертпе – автормен [28],[45] дереккөздер негізінде құрастырылды						

Тәуелсіздік алған жылдардағы балаларды қамту айтарлықтай төмендеп кеткен, әсіресе ауылдық елді мекендердегі балабақшалардың 95% жабылып қалған. 2010 жылы «Балапан» бағдарламасы қабылданып, мектепке дейінгі ұйымдарды лицензиялау тәртібі алынып тасталған. Жеке секторға мүмкіндіктер берілген, қолдаулар жасалған. Соның нәтижесінде желілерді көбейту тетіктері жолға қойылған. Қала мен ауылдағы МДҰ желісінің дамуы салыстырарлықтай өскен (Кесте 6).

Кесте 6 – МДҰ желісінің қала мен ауыл бойынша салыстырмалы көрсеткіші

Жылдар /Өңірлер	2000		2005		2010		2015		2020	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
ҚР	912	177	884	295	1 499	3 282	2 844	5 990	4 322	6 328

6-кесте жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Абай										
Ақмола	37	15	37	20	57	264	100	451	119	482
Ақтөбе	45	12	46	22	72	147	143	387	230	316
Алматы	38	9	33	9	42	60	137	632	229	972
Атырау	41	42	38	53	38	74	100	196	129	202
БҚО	34	13	34	33	71	354	99	369	155	360
Жамбыл	21	18	24	26	72	203	117	301	180	367
Жетісу о										
Қарағанды	124	2	132	7	194	250	232	275	265	268
Қостанай	51	13	45	15	99	498	135	485	158	421
Қызылорда	50	11	45	28	66	151	187	461	240	425
Маңғыстау	28	2	29	5	37	36	104	111	135	176
Павлодар	65	8	57	16	110	254	132	300	118	258
СҚО	20	7	17	23	52	483	72	486	69	414
Түркістан	33	17	32	24	50	145	198	970	309	1104
Ұлытау										
ШҚО	65	8	66	14	129	363	212	566	229	563
Астана қ.	43		44		94		188		408	
Алматы қ.	166		154		178		401		825	
Шымкент қ.	51		51		138		287		524	
Ескертпе – автормен [28],[45] дереккөздер негізінде құрастырылды										

МДҰ педагогтерінің - бала тәрбиесіндегі алар орны ерекше. МДҰ педагогтері бойынша ЭЫДҰ көптеген елдерге жоғары талап қойылған. Мәселен, Финляндия, Норвегия, Швеция елдерінде педагогтік қызметпен айналысу үшін бакалавр дәрежесі, ал Англия, Франция, Италия, Исландия елдерінде магистр дәрежесі болу міндетті [16]. Дегенмен, тәуелсіздік жылдарында балабақшалардың жабылу салдары педагогтердің біліктілігіне әсер етпей қоймаған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мамандарын даярлайтын педагогтерге сұраныс төмендеп, ЖОО- дағы факультеттер жабылу салдарынан желілер саны күрт өзгерген кезде маман тапшылығы орын алды, сапалық құрам төмендеді. Қайта даярлау мен біліктілікті арттыру курстарының іске қосу арқылы жұмыстар жүргізілген. Қазіргі таңда ҚР бойынша МДҰ педагогтер саны – 98 594 құрайды. Олардың: 65,2% - 63 076 педагогтің жоғары білімі болса, 51,3% - 49 654 педагогтің біліктілік санаты бар. МДҰ педагогтері де жыл сайын артып келеді (Кесте 7).

Кесте 7 – МДҰ педагогтер бөлінісі (санмен)

Өңірлер	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1	2	3	4	5
Қазақстан Республикасы	97 209	95 860	96 723	98 594
Абай облысы				
Ақмола облысы	3 893	3 808	3 850	3 912

7-кесте жалғасы

1	2	3	4	5
Ақтөбе облысы	4 447	4 449	4 534	4 641
Алматы облысы	9 639	9 295	10 411	10 609
Атырау облысы	3 416	3 551	3 510	3 534
Батыс Қазақстан облысы	4 024	3 943	3 995	4 111
Жамбыл облысы	6 789	6 855	6 882	6 920
Жетісу облысы				
Қарағанды облысы	5 901	5 850	5 773	5 793
Қостанай облысы	3 843	3 822	3 765	3 821
Қызылорда облысы	6 166	5 927	5 874	5 907
Маңғыстау облысы	4 167	4 041	4 176	4 253
Павлодар облысы	4 485	4 343	4 474	4 501
Солтүстік Қазақстан облысы	2 874	2 920	2 927	2 948
Түркістан облысы	14 281	14 137	13 606	14 209
Ұлытау облысы				
Шығыс Қазақстан облысы	5 873	5 836	5 777	5 831
Астана қаласы	4 480	4 435	4 345	4 613
Алматы қаласы	6 940	6 793	7 061	7 132
Шымкент қаласы	5 991	5 855	5 763	5 859
Ескертпе – автормен [26] дереккөз негізінде құрастырылды				

МДҰ жұмысының жолға қойылуы, оқу-әдістемелік жұмыстардың дұрыс пайдаланылуы, материалдық-техникалық базаны жетілдіруі, күтіп ұстауы білім беру мекемесінің бірінші басшысы, меңгерушілерге тікелей байланысты. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау қағидаларына сәйкес, 2022 жылы алғаш рет бір білім беру мекемесінде 7 жылдан артық басшылық жасаған барлық өңір бойынша 639-дан аса меңгеруші сол елді-мекендегі білім беру ұйымдарына ротацияланып, өз қызметтерін жалғастырды. Ротациялау тек мемлекеттік мекемелердегі бірінші басшылар арасында ғана жүргізілді. Меңгерушілердің ваканттық бос орындар да кездеседі. Ұлттық білім беру деректер қорының аналитикалық базасындағы статистикалық талдаулар айдарынан мәліметтер жинақтау кесте құрастыру кезінде салыстырмалы ақпарат арқылы зерделенді. Мемлекеттік және мемлекеттік тапсырыс орналастырылған МДҰ меңгерушілері болып бөлінеді (Кесте 8).

Кесте 8 – МДҰ меңгерушілері туралы мәлімет (санмен)

№ п/п	Өңір	МДҰ барлық меңгерушілері	Мемлекеттік МДҰ меңгерушілері	Жеке МДҰ меңгерушілері
1	2	3	4	5
	Қазақтан Республикасы	6 222	2 453	3 769

8-кесте жалғасы

1	2	3	4	5
1	Абай облысы			
2	Ақмола облысы	231	132	99
3	Ақтөбе облысы	346	187	159
4	Алматы облысы	896	191	705
5	Атырау облысы	155	125	30
6	Батыс Қазақстан облысы	205	154	51
7	Жамбыл облысы	349	219	130
8	Жетісу облысы			
9	Қарағанды облысы	184	152	32
10	Қостанай облысы	177	112	65
11	Қызылорда облысы	531	152	379
12	Маңғыстау облысы	179	90	89
13	Павлодар облысы	150	142	8
14	Солтүстік Қазақстан облысы	75	69	6
15	Түркістан облысы	1156	251	905
16	Ұлытау облысы			
17	Шығыс Қазақстан облысы	228	128	100
18	Астана қаласы	263	93	170
19	Алматы қаласы	605	185	420
20	Шымкент қаласы	492	71	421
Ескертпе – автормен [26] дереккөз негізінде құрастырылды				

«Экономикалық зерттеулер институты» АҚ 2022 жылы Қазақстанның қалалары өмір сапасының рейтингін дайындаған. 2022 жылғы Қазақстан Республикасы қалаларының өмір сапасы рейтингісінің индикаторларындағы МДҰ қатысты статистикалық мәліметтері талданды. Бұл рейтингте 2021 жылғы қалалар бойынша нәтижелермен салыстыру жасаған. Өмір сапасы рейтингінің қорытынды есебінде негізгі 3 фактор қамтылған: «Экономика және бизнес», «Адами ресурстар» және «Инфрақұрылым», олар тиісті қосалқы факторларға және 14 санатқа бөлінген. Оның ішінде: білім саласы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың көрсеткіштеріне 7 индикатор қарастырылып, талданған. Ақпараттар өңірлерден сұрату арқылы толтырылған. Зерттеу қорытындысындағы негізгі назар аударатын индикаторлар: Күрделі жөндеу қажет МДҰ - 60%; Апаттық жағдайдағы МДҰ – 35 %; МТБ жабдықтау қажет МДҰ саны- 78% құрайды [30]. Бұл индикаторларға қол жеткізбей өңірлердің өмір сапасының деңгейі мен рейтингісі төмен нәтиже көрсете бермек. Ал индикаторларды орындау үшін ЖАО бюджеттік жоспарлауына дұрыс ұсынымды даярлау талап етіледі (9 – суретке сәйкес).

Өңір	Елді мекен саны	МДҰ	1.3.1. МДҰ жалпы саны	1.3.2. Күрделі жоңдеу қажет МДҰ	1.3.3. Апаттық жағдайлығы МДҰ	1.3.4. Жаңа МДҰ құрылыс саны	1.3.5. МТБ жабдықтау қажет МДҰ саны	1.3.6. Штат саны толық емес МДҰ	1.3.6.1. Жалпы штат саны	1.3.6.2. Нақты штат саны	1.3.7. Жеке МДҰ саны
ҚР	6364	97%	1	2	3	4	5	6	6.1.	6.2.	7
Абай	300	Нысан / Елді-мекендегі саны	248/174	3/3	1/1	0/0	97/67	0/0	3225/171	3207/171	64/11
Ақмола	600	Нысан / Е-м саны	550/376	71/67	3/3	3/1	158/140	14/14	6376/379	6284/378	118/41
Ақтөбе	323	Нысан / Е-м саны	573/231	63/54	4/4	13/12	125/94	3/2	7027/216	6990/216	187/40
Алматы	393	Нысан / Е-м саны	782/245	31/23	6/5	14/11	50/29	6/6	8976/196	8672/195	590/127
Атырау	155	Нысан / Е-м саны	223/83	14/11	1/1	27/17	44/32	17/9	12913/75	12656/75	55/4
БҚО	417	Нысан / Е-м саны	397/0	68/24	45/2	13/2	120/13	98/98	8703/246	8536/246	246/120
Жамбыл	371	Нысан / Е-м саны	328/0	43/16	35/3	3/0	106/12	47/44	10936/184	10680/181	189/181
Жетісу	350	Нысан / Е-м саны	376/0	66/21	59/59	13/2	96/3	73/73	3664/186	3664/186	186/115
Қарағанды	360	Нысан / Е-м саны	332/0	155/18	44/41	11/3	108/11	82/55	9088/130	7929/26	130/88
Қостанай	526	Нысан / Е-м саны	583/0	372/29	25/24	2/1	297/24	338/241	6294/305	5845/54	300/158
Қызылорда	235	Нысан / Е-м саны	607/0	150/24	21/5	5/3	8/2	3/2	4300/91	4257/10	428/91
Маңғыстау	62	Нысан / Е-м саны	154/0	47/37	18/3	15/2	76/3	58/17	6902/80	6725/47	217/47
Павлодар	364	Нысан / Е-м саны	301/0	256/97	67/67	6/0	136/14	110/109	11134/256	11134/255	255/13
СКО	640	Нысан / Е-м саны	454/0	379/18	12/12	1/0	28/1	1/1	3932/380	3932/380	380/19
Түркістан	831	Нысан / Е-м саны	1185/0	455/40	27/27	2/0	104/2	76/54	22415/373	22340/362	1212/360
Ұлытау	71	Нысан / Е-м саны	101/0	0/8	4/4	1/0	1/1	3/0	2484/44	2232/41	41/9
ШҚО	336	Нысан / Е-м саны	396/0	90/21	13/5	13/11	164/10	100/100	6524/210	5414/210	209/84
Астана қ.	1		137	21	1	0	137	126	10626	10626	326
Алматы қ.	1		866	2	1	1	4	1	11572	11572	674
Шымкент қ.	1		72	11	1	0	72	1	5191	5191	505

9 - сурет – МДҰ индикатор көрсеткіштері (санмен)

Ескертпе – автормен [30] дереккөз негізінде құрастырылды

Жалпы кестедегі талдау жұмыстары нақты деректер мен ақпараттарға негізделіп жасалған, мұқият сипатталып, зерттеліп, талданған және құрылымдалған.

Бірақ, өңірлердің ұсынған кестедегі мәліметтері мен Ұлттық білім беру деректер қоры мен Ұлттық статистика бюросының ақпараттары арасында айырмашылық кездеседі. Сұрату бойынша толтырылған мәліметтер ұсынған ЖАО жауапкершілігінде қалады.

Талдау және зерттеу нәтижелері

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатының басты мақсаты - балалардың алғашқы өмір сатысындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға тең қолжетімділікті және қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуге бағытталуы қажет. Дегенмен, қазіргі таңда статистикалық мәліметтерге сәйкес қазақстандық әр үшінші бала мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қолжеткізу үшін кезекте тұр, сонымен қоса, өңірлерде мектепке дейінгі ұйымдарда аптасына бір келеңсіз жағдайлар орын алады. Бұл жағдайлардың бәрін түземейінше тиісті нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмайтыны анық. Ол үшін бірқатар жұмыстар атқарылуы керек, мемлекет тарапынан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласын трансформациялау үшін үлкен қолдау керек.

Аталған бағыттағы жұмысты жалғастырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласына бағытталған шараларды мемлекеттік қолдау мен қабылданған бағдарламаларды тиімді ету мақсатында әлемдік және халықаралық тәжірибелерді зерттеп қараған жөн.

«Head Start» мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың бірінші ресми бағдарламасы 1965 жылы АҚШ-та президент Линдон Джонсонның кедейшілікке қарсы науқаны аясында қабылданған [31]. «Head Start» аз қамтылған отбасылардан шыққан мектеп жасына дейінгі балаларды олардың эмоционалдық, әлеуметтік, медициналық, тағамдық және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кешенді бағдарламамен қамтамасыз ету арқылы кедейлік циклін бұзуға арналған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаһандық даму тенденциясының басталуын Джомтбьенде (Таиланд, 5-9 наурыз 1990 жыл) өткен «Баршаға арналған білім» дүниежүзілік конференциясымен байланыстыруға болады. Содан кейін «Баршаға арналған білім» Дүниежүзілік декларациясында негізгі білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша қызметтің негізгі бағыттары бекітілді. Атап айтқанда, ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға қатысты, оқыту туғаннан басталады деп айтылды. Тиісінше, балаға ерте жастан бастап күтім жасау және бастауыш білім беру қажет, оған тиісті жағдайларда отбасылардың, қауымдастықтың немесе ұйымдастырылған бағдарламалардың көмегімен жүзеге асырылатын шаралар арқылы қол жеткізуге болады [32].

Дакарда өткен Дүниежүзілік білім беру форумы (Сенегал, 2000 ж. 26-28 сәуір) ЮНЕСКО-ның, әсіресе ең осал және қолайсыз балалар үшін ерте жастағы балаларды күту мен білім беруді кеңейту және жақсарту жөніндегі кешенді міндеттемесін бекітті және дамытты [33].

Ал, 2015 жылы 27 қыркүйекте Нью-Йоркте 193 мемлекет қатысқан БҰҰ саммитінде 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін 2030 жылға дейін тұрақты дамудың 17 мақсатын қабылдады. Төртінші мақсатқа жету үшін

(«жалпы қамту және тең сапалы білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы білім алу барлығы үшін мүмкіндіктерін насихаттау») 4.2 міндеті қойылды: «2030 жылға қарай барлық қыздар мен ұлдарға сапалы даму жүйесіне, күтімге қолжетімділік болып, кіші жастағы балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру, бастауыш білімге дайындауды қамтамасыз ету»

Барлық Еуропа елдерінде ерте білім беру ұлттық саясаттың ресурсы болып табылады, тұрақты дамудың 17 мақсатын жету мақсатында бірқатар елдерде оны мемлекет қаржыландырады. Мұндай тәсіл АҚШ-та да бар. «АҚШ-тың заманауи стандарттары» мамандар мен тәрбиешілерге ғана емес, сонымен қатар ата-аналарға арналған [34].

Баланың даму және дүниені тану процесіне оның қоршаған ортасы, әлеуметтік жағдайы, ата-анасының материалдық жағдайы және мәдени нормалар, сонымен қатар жергілікті немесе отбасылық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға да байланысты. Әр баланың дамуы-қайталанбайтын құбылыс.

Педагогика тұрғысынан балаға жақын әлеуметтік орта ол бейімделуі керек қоғамның алғашқы моделі ретінде қарастырылады. Болашақта ол осы тәжірибені ұқсас жағдайларда қолдана алады. Қоршаған ортаға бейімделе отырып, бала бір уақытта әртүрлі әлеуметтік рөлдерді (ұлы, шәкірті, команда капитаны) орындауды үйренеді. Даму барысында бала бірнеше іс-әрекеттің формалары мен құралдарын игереді, байланыстар шеңберін кеңейтеді, өзінің «Мен» бейнесін қалыптастырады. Әлеуметтену келесі бағыттар бойынша жүреді: белсенділік, қарым-қатынас, сана. Параллель қажеттіліктер туындайды: «бәрі сияқты болу» және өзін жеке тұлға ретінде көрсету. Егер олар дұрыс теңдестірілген болса, онда бала қоғамға сәтті енеді. Төтенше туындайтын қауіпсіздікке дайын болады.

Ерте жастағы балалар дамуы стандарттарының әлемдік тәжірибесіне сүйенсек алдыңғы қатарлы елдерде отбасылық және әлеуметтік тәрбиені бір деңгейге қою үрдісі айқын көрінеді. Бірқатар елдерде мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда ата-аналарға қолдау көрсететін арнайы бағдарламалар да әзірленген. Мысалға, Филиппинде «Ата-ананың тиімді қызметі» (*Служба родительской эффективности*), Түркияда «Бала тәрбиесін жақсартудың бастамасы» (*Инициатива по улучшению воспитания детей*), Кубада «Өз балаңды үйрет» (*Научи своего ребенка*), ал Қазақстанда халықаралық «Step by Step» бағдарламалары дайындалған [16].

Осылайша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту білім берудің «ең жас» деңгейі болса да, қысқа уақыт кезеңінде адами капиталды дамытудағы басымдығын дәлелдей алды. Көптеген елдердің тәжірибелерін талдай келе, әлемнің дамыған елдері ерте жастан дамытуды әлеуметтік және экономикалық дамуда қиын мәселелердің шешімін табуға көмектесетін ерекше білім беру ресурсы ретінде қарастырған. Сондықтан, баланың мектепке дейінгі ұйыммен

қамтылуына да аса мән берген. Егер 2020 жылғы мәліметке сүйенсек ЮНЕСКО құрамына кіретін әлемнің 82 елдегі мектепке дейінгі ұйыммен қамтылудың орташа көрсеткіші 64,7 пайызды құрайды. Ең жоғары көрсеткіш Австралияда:160,21 пайыз, ең төменгі көрсеткіш Буркина-Фасода:6,37 пайыз. Ал, Қазақстан Республикасы 35 орында (Кесте 9).

Кесте 9 – МДҰ желісінің қамтылу бойынша әлемдік рейтинг (пайызбен)

Мемлекет	МДҰ қабылдау	Әлемдік рейтинг	Қолжетімді ақпарат
Австралия	160.21	1	1971-2020
Гренада	130.81	2	1971-2020
Гибралтар	118.54	3	1972-2020
Гана	116.14	4	1971-2020
Непал	104.25	5	1983-2020
Сан-Марино	103.84	6	2018-2020
Перу	102.91	7	1970-2020
Вануату	102.61	8	1970-2020
Маврикий	102	9	1970-2021
Еврозона	101.15	10	1970-2020
Беларусия	99.11	11	1971-2020
Коста-Рика	97.17	12	1970-2020
Малайзия	96.75	13	1974-2020
Сейшель аралы	96.46	14	1973-2020
Грузия	95.25	15	1981-2020
УА Эмират	94.21	16	1973-2020
Молдова	94.17	17	2012-2020
Вьетнам	92.76	18	1977-2020
Қытай	90.49	19	1974-2020
Макао	90.42	20	1971-2020
Филиппин	88.97	21	1971-2020
Кирибати	88.81	22	2002-2020
Суринам	88.4	23	1971-2020
Колумбия	85.93	24	1972-2020
Монғолия	85.87	25	1970-2020
Украина	85.82	26	1971-2020
Барбадос	84.24	27	1974-2020
Тувалу	78.88	28	1998-2020
Боливия	78.47	29	1970-2020
Танзания	78.14	30	2004-2020
Черногория	78.07	31	2001-2020
Доминика	76.03	32	1974-2020
Таиланд	75.22	33	1971-2020
Албания	75.14	34	1971-2020
Қазақстан	74.13	35	1981-2020

Ескертпе – автормен [35] дереккөз негізінде құрастырылды

Бұл кестеде қабылдаудың жалпы коэффициенті – жалпы балалардың санына қатынасы, жас тобындағы халық санына қатынасы, ол ресми түрде көрсетілген білім деңгейіне сәйкес келеді. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдасқан оқытудың бастапқы кезеңіндегі бағдарламаларға жатады, ең алдымен өте кішкентай балаларды мектепке дейінгі ұйыммен таныстыруға арналған.

Сонымен қоса, Орта Азия елдерінің көрсеткіштеріне сүйенсек, кіші жастағы балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы рейтинг бойынша 11 орынды көрсеткен. 1971-2020 жылдар аралығындағы қолжетімді ақпарат негізінде жасалған (Кесте 10).

Кесте 10 – МДҰ желісінің қамтылу бойынша Орта Азия рейтингі (пайызбен)

Мемлекет	МДҰ қабылдау	Әлемдік рейтинг	Қолжетімді ақпарат
Непал	104.25	1	1983-2020
Малайзия	96.75	2	1974-2020
Грузия	95.25	3	1981-2020
УА Эмират	94.21	4	1973-2020
Вьетнам	92.76	5	1977-2020
Қытай	90.49	6	1974-2020
Макао	90.42	7	1971-2020
Филиппины	88.97	8	1971-2020
Монғолия	85.87	9	1970-2020
Таиланд	75.22	10	1971-2020
Қазақстан	74.13	11	1981-2020
Иран	72.48	12	1971-2020
Шри-Ланка	71.84	13	2010-2020
Бруней	63.48	14	1978-2020
Катар	62.45	15	1971-2020
Үндістан	61.09	16	1971-2020
Кувейт	60.25	17	1971-2020
Палестина	58.11	18	1976-2020
Оман	56.73	19	1974-2020
Бахрейн	52.6	20	1971-2020
Лаос	49.22	21	1972-2020
Армения	46.55	22	1980-2020
Бангладеш	45.6	23	1972-2020
Әзербайджан	44.69	24	1981-2020
Өзбекстан	41.44	25	1981-2020
Қырғызстан	40.72	26	1986-2020
Түркіменстан	35.91	27	2020-2020
Бутан	32.69	28	1995-2020
Иордания	31.55	29	1971-2020
Камбоджа	27.33	30	1981-2020
Сауд Арабия	21.79	31	1979-2020

Ескертпе – автормен [35] дереккөз негізінде құрастырылды.

Америка құрама штаттары тәжірибесі

АҚШ-та негізінен балабақша жұмыс орнында танымал адамдардың балаларын мектепке дейінгі мекемеге орналастыру қиын емес. МДҰ қызметіне лицензия алу қатаң бақылауға алынатын, міндетті шарттардың бірі. Мұнда балабақшаның ерекшеліктері бар. Мысалы, кейбір балабақшалар тек дарынды балаларды іріктеп алып, интеллектуалды қабілеттерін шыңдаумен айналысса, ал басқа балаларды ойнатады, мультфильм көрсетеді. Балабақша төлемі де әртүрлі. Орта есеппен айына 1000 доллар (345 мың теңге) төленеді [36].

Сингапур тәжірибесі

Сингапур Республикасында мектепке дейінгі білім міндетті болып саналмайды, білім беру жүйесіне ресми кіріктірілмеген, білім беру сатысы болып есептелмейді. Соның өзінде де мектепке дейінгі біліммен қамтылу 100%. Мектепке дейінгі білім секторы 2013 жылдан бастап, балаларды ерте дамыту Агентігінің (*The Early Childhood Development Agency*) қадағалауында. Сингапур Республикасындағы мектепке дейінгі білім беру үдерісі үш негізгі заңмен реттеледі: Білім туралы заң, Жеке білім беру заңы, Балаларды ерте жастан дамыту орталықтары туралы заң. МДҰ білім сапасы Сигапур Республикасының аккредитациялау және сертификациялау жүйесі көмегімен бағаланады. Сингапурда 2 айдан 18 айға дейінгі жастағы балаларға күту және қадағалау қызметін осы қызметпен айналысатын орталықтар ұсынады. Ал балабақшалар 18 айдан бастап қабылдайды, 7 жаста мектепке жібереді. 5 күндік жұмыс кестесі, семестр аралық каникул қарастырылған. Орталықтар мен балабақшалар ата-аналардың төлем ақысы негізде ұйымдастырылған [38].

Жапония тәжірибесі

Жапонияда балабақшаның екі түрі бар:

- 1) хойкуэн (мемлекеттік, 3 жасқа дейінгі балаларға арналған)
- 2) етиэн (жеке, үш жастан жоғары балаларға арналған).

Мемлекеттік балабақшаға орналасу аймақтың ерекшеліктеріне байланысты өте қиын, балаларды қала әкімдігі орналастырады. Балабақшаға аламдардың табысына қарай әртүрлі төлейді. Мысалға, бағасы бір айда 2000 йеннен (20 доллар) 40 мың йенге (400 доллар) дейін құбылып тұрады, одан да жоғары болуы мүмкін. Жапония мемлекеттік балабақшасында үш мезгіл тамақ, серуен мен ұйықтататын уақыт кіреді. Бала 17:00 дейін балабақшада болады. Ал жеке (етиэнде) бала ересек өмірге дайындалады. Олар спортпен, музыкалық аспаптарда ойнаумен және бимен шұғылданады. Бұл жерде балаларды ұйықтатпайды, 13:00-14:00 аралығына дейін толық емес күн тәртібі қарастырылған. Киім үлгісі де белгіленген [36].

Финляндия тәжірибесі

Финляндияда 5 жасқа дейін ерте жастан дамыту бағдардамасы бойынша, ал 6 жасқа дейін мектепке дайындық бағдарламасы бойынша тәрбиеленеді. Бұл елде балабақшаға бару міндетті емес, бірақ 2015 жылдан бастап, заңға сәйкес 6 жасқа толатын бала мектепке дейінгі дайындықтан өтуі тиіс. Балабақшалар 6.00-18.00 дейін жұмыс жасайды. Сондай-ақ, ата-аналарының ерекше жұмыс

кестесіне сәйкес ақылы негіздегі тәулік бойы жұмыс жасайтын мектепке дейінгі ұйымдар да бар. Бірақ төлем айына 200 еуродан (97 400 теңге) аспауы тиіс [37].

Германия тәжірибесі

Германияның үлкен қалаларындағы балабақшаларда орын жетіспейді, бұл үлкен мәселе. Бұл елде мемлекет тарапынан студент ата-аналарға, жалғызбасты жұмыс істейтін аналарға, қаржылай жағдайы төмен отбасыларға балабақшадан орын бөледі және балабақшаға баланы 3 жастан бастап қабылдайды, құны айына 80-40 еуро (38 960 теңге). Бұл ақша түскі ас пен баланың балабақшада болу уақытына байланысты төленеді. Сондай-ақ, бұл жақта 3 жастағы бала 6 жастағы баламен бір топта тәрбиелене береді [36].

Франция тәжірибесі

Француз балабақшасына баланы 2,5 жастан бастап қабылдай береді. Балабақшаның құны жылына 1000 еуро (487 000 теңге). Бұл елдегі балабақшада сәрсенбі күні демалыс. Сәрсенбі күні балалар түрлі үйірмеге қатысып, спортпен айналысады. Тағы бір ерекшелік, Парижде таңғы асқа тыйым салынған, өйткені бұл – семіздікпен күресудің бір жолы боп есептеледі [36].

Швеция тәжірибесі

Швецияда мемлекет тарапынан қолдау есебінде 1 жасқа толған баланың ата-анасы өтініш берген соң 3 ай өткеннен кейін балабақшадан орын бөлуге міндетті болып табылады. Ата-ана баласы үшін балабақшаға ай сайын табысына сай төлем жасайды. Ең көп төлем – 1260 крон (40 000 теңге) [36].

Египет тәжірибесі

Египетте мемлекеттік балабақша бір топқа 50 бала қабылдай алады. Бұл елде баланы 6 айдан бастап балабақшаға беруге болады. Жекеменшік балабақшалар балаға тамақ беріп, оған араб, ағылшын тілдерін үйретеді. Бала балабақшада қанша уақыт болса, төлемі де соншалықты болмақ. Егер бала 7:30-дан 13:00-ге дейін болса, айына 60 египет фунты (1 140 теңге), егер 7:30-дан 19:00-ге дейін болса, онда 500-600 египет фунты (9 500 теңге) төленеді [36].

Қытай тәжірибесі

Қытайда мемлекеттік тегін балабақша мүлдем жоқ. Әрбір ата-ана айына 500-1000 юань (141 760 теңге) төлеп, балаларын балабақшаға оналастырады. Қытайда балабақшадан балаға орын табу өте қиын. Өйткені, 1,5-2,5 жастағы балаларды балабақшаға қабылдай береді [36].

Өзбекстан тәжірибесі

Өзбекстанда 2 миллионға жуық бала мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған. Бірақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту міндетті емес. Соның өзінде 2022 жылы 600 мың жаңа балабақша ашып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін арттыру мақсатында бес жылдық бағдарламасы қабылданған [39].

Ал, Қазақстандық тәжірибелердің өзінде де кейбір өңірлерінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қолжетімділігі жағдайларын оңтайландырудың, шешудің жолы ретінде қала әкімінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту мен қолдауға арналған жаңа орындар қалыптастыру шаралары механизмдері жолға қойылған.

Мұндай тәжірибенің бір мысалы Астана қаласындағы әкімдік – білім беру қызметін алушының дербестілігін (ваучер) қаржыландыруын назарға ала отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың пилоттық жобасын енгізу арқылы орындар қалыптастырып, әр тоқсан сайын кезектегі бала санына сәйкес жұмыстанып, Астана қаласы әкімінің қадағалауымен тиісті қаржыландыру бөлініп отыр. Тағы бір тәжірибе – ол жаңа балабақшалар халықаралық ECERS мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау шкаласының талаптарына сай жабдықталған.

Сондай-ақ, Астана қаласында «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік білім беруге, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 бұйрығы [27]- негізінде ресми сайттарында қажетті орын саны, мекенжай көрсетіле отырып, мемлекеттік тапсырыс орналастыру туралы хабарландыру ашық, қолжетімді, ережеге сәйкес уақытылы жарияланатыны байқалады [40].

Мектепке дейінгі білім беру сапасын жан-жақты бағалау шкаласы (*ECERS-Early Childhood Education and Care*), бөбектер / сәбилер үшін қоршаған ортаны бағалау шкаласы (*ITERS-Infant Toddler Environment Rating Scale*), отбасылық балабақша шкаласы (*FCCERS-Family Child Care Environment Rating Scale*), (*ACEI-Association for Childhood Education International*) жаһандық нұсқаулықтарды бағалау (*GGA-Global Guidelines Assessment*), қамқоршылармен өзара қарым-қатынас шкаласы (*CIS-Caregiver Interaction Scale*) және негізінен құрылым мен процестің сапасын бағалайтын сыныпты бағалау жүйесі (*CLASS-Classroom Assessment System*) сияқты көптеген халықаралық құралдар бар. Алайда, бұл тәсіл өзін сарапшылар ретінде көрсететін зерттеушілердің пайымдауына негізделген, бұл «балалардың, ерте балалық шақ педагогтерінің, ата-аналардың және практиктердің көзқарастарындағы біз білетін сапаны түсінуіміздің дәрежесін елеулі түрде төмендетеді» [42].

ECERS бастапқыда кешенді бағалау құралы ретінде АҚШ балабақшалар үшін әзірленген, бүгін Канада, Германия, Италия, Швеция, Ресей, Исландия, Португалия, Англия, Испания, Австрия, Сингапур, Корея, Венгрия және Греция сияқты 20-дан астам елдерде қолданылады [41], [43].

Қазіргі уақытта шкала әлемде мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалаудың ең сенімді және жарамды құралдарының бірі ретінде қарастырылады.

ECERS-3 мектепке дейінгі білім беру сапасын бағалау шкаласы - бұл 6 ішкі сыныптамаға топтастырылған 35 көрсеткішті бағалайтын Ликерт шкаласы бар. Шкаланың 35 көрсеткішінде 468 индикатор бар. Әрбір көрсеткіш сапаның төрт деңгейімен 7 балдық Ликерт шкаласы бойынша бағаланады, онда әр деңгейге белгілі бір сипаттама беріледі. Жауап беру жүйесі сапа индикаторлары үшін «Иә»/ «Жоқ» дегенді қамтиды. ECERS-3 шкаласы негізгі ақпарат көзі ретінде бақылауға сүйенеді. Шкала балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығымен қатар

физикалық, әлеуметтік, эмоционалды және танымдық салаларды қамтитын ерте балалық шақтың дамуына жан-жақты көзқарасты ұстанады. Шкала материалдық ортаға, балалардың бір-бірімен және ересектермен қарым-қатынасына, пікірі балалар үшін маңызды және өзара тәуелді факторларының қамтылуына назар аударады. Сапа тек материалдық жабдықтармен (құрылымдық) ғана емес, сонымен қатар процестің сапасымен де бағаланады [42].

Қорытынды

«Білім ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысын және «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы нақты көрсеткіштер мен мерзімдер қоя отырып, МДТО саласын дамытуға нәтижеге бағытталған тапсырма болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жетілдіру мақсатында «Мектепке дейінгі білім департаменті» ММ-сі де құрылды. Сондықтан қазіргі озық тәжірибелер мен әдістерді ескеріп, мүмкіндіктерді қолдану қажет.

Жоғарыда аталғандардың негізінде және зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе, еліміздегі білім беру саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру мақсатында келесі ұсыныстар берілді:

